

**Мектептегі тәрбие жұмысын  
ұйымдастыруда сынып  
жетекшісінің рөлі**

## **Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі**

1. Сыныптағы оқушылардың талап - тілектері мен мүдделерін және олардың жеке басының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп білу.
2. Сыныптағы оқушылардың не нәрсеге бейімділігін анықтап, оларды ынтымағы жарасқан, белсенді, саналы ұжымға ұйымдастыру.
3. Сыныптағы пән мұғалімдері мен мектеп әкімшілігінің және оқушылардың ата – аналарының тәрбиелік ықпалын үйлестіру, оқушыларға қоятын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету.

4. Тәрбие үрдісінде мектептің, отбасы мен жұртшылықтың Тығыз қарым-қатынасын қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың ата-аналарымен үнемі байланыс жасап, отбасындағы бала тәрбиесіне педагогикалық педагогикалық оқу, насихат жұмыстарын жүргізу.
6. Оқушыларды тәрбиелеуде сынып және мектептен тыс түрлі бағытта тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру.
7. Тәрбие мен өзін өзі тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз ету.
8. Тәрбие қызметінің тұтастылығын, жүйелігін, тәрбиелік шаралардың бірлігін қамтамасыз ету.
9. Тәрбиенің негізгі бастауы ұлттық тәлім тәрбиені сынып жетекшісі қызметінің маңызды бір саласы ретінде қарастыру т.б.

# Сынып жетекшінің қызметі

## 1. Педагогикалық және әлеуметтік-гуманитарлық.

Баланың әлеуметтік қалыптасуы мен дамуына жағдай тудыру, баланың тұлғалық өзекті мәселесін шешуге, оны әлеуметтік өмірге араластыру және өз бетінше өмір сүре білуіне көмектесуге бағытталған. Баланың отбасымен, тәрбиенің басқа да мекемелерімен тығыз байланыс орнату. Рухани- адамгершілік және рухани эстетикалық мәдениетін қалыптастыру.

2. Ұйымдастырушылық қызметі. Тәрбие процесін ұйымдастыру. Балалардың орынды талап-тілектерін қолдай отыра, ынтымағы жарасқан, саналы да белсенді әрі іскер сынып ұжымын қалыптастыру. Олардың танымдық, еңбек, эстетикалық әрекеттерін және демалысы мен еркін қарым-қатынасын ұйымдастыру. Сыныптағы өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру, дамыту.

3. Оқушылардың жалпы әрекетін басқару.  
Оған: нақтамалық, мақсат қоюшылық, жоспарлау, болжам жасау, немесе жобалау, бақылау және түзету, енгізіп отыру қызметін жатқызуға болады.

Тәрбие жұмысының мақсаты баланың жеке тұлғасының даму процесін басқару міндеттерін анықтайды. Сондықтан, сынып жетекшісінің мақсат қоюшылық қызметі тәрбие жұмысын жоспарлауда көрініс табады.

**Жоспарлау-** бұл сынып жетекшісінің педагогикалық және сынып ұжымының оқу-тәрбие процессіндегі әрекеттерін нәтижелі ұйымдастырудағы маңызды буын.

**Жоспардың қызметі-** педагогикалық ықпалды жүйеге келтіру, педагогикалық талаптарды орындауды қамтамасыз ету, ондағы белгіленген тәрбие шараларының бірізділігі мен басқару тиімділігін қамтамасыз етуді көздейді. Жоспарлау – мақсатқа жетудің бірден-бір негізгі жолы.

# Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы

Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы бірыңғай ұйымдастырушылық және педагогикалық міндеттерді шешуді қарастырады. Ол оқушының жан-жақты нәтижелі дамуын, соған сәйкес тәрбие міндеттерін шешудің формалары мен тәсілдерін таңдап және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Ол негізінен 3 бағытта жүзеге асады.

## **Оқушыға тікелей ықпал жасау:**

- Оның дара даму ерекшелігін, қызығушылығын, қоршаған ортасын танып білу;
- Тәрбие ықпалын алдын ала болжау, жобалау;
- Жеке дара және ұжымдық жұмыста тәрбие формалары мен тәсілдерін жүзеге асыру;
- Тәрбие ықпалының нәтижесіне талдау жүргізу.



## 2. Тәрбиелеу ортасына жағдай тудыру

Оқушылар ұжымын қалыптастыру;

1. Онда жағымды көңіл-күйді қалыптастыру;

2. Оқушыларды әлеуметтік әрекетке қатыстыру;

3. Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту.

**Баланың әлеуметтік қатынасына ықпал ететін әр түрлі субъектілерге көмектесу, бақылау жасау:**

- отбасына әлеуметтік қолдау көрсету;
- мұғалімдер ұжымының өзара педагогикалық әрекетіне қолдау көрсету ;
- бұқаралық ақпарат құралдарының балаға ықпалын бақылау;
- мектептен тыс тәрбие мекемелерімен өзара бірлескен іс- қимыл жасау.

# **Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары**

Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары-міндетті педагогикалық құжат.

Жоспар оқушылар ұжымының қалыпты дамуына мақсатты және жүйелі түрде ықпал етеді, тәрбие міндеттерін дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады.

**Тәрбие жоспары – сынып жетекшісінің шығармашылық зертханасы.**

Жоспар жарты жылға немесе тоқсанға арнап жасалады.

Тәжірибелі сынып жетекшісі тоқсандық жоспардан, айлық және апталық жоспар құрып алады. Бұлай жұмыс жасау жоспардың икемділігі мен тиімділігін арттырады.

# Тәрбие жоспарына қойылатын негізгі талаптар

1. Жоспар ұжымдақ еңбектің белгісі. Сондықтан тәрбие жоспарын құру барысында оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, олардың өздерін қатыстыруды қамтамасыз ету.
2. Тәрбие жоспарының мақсаты, міндеттері айқын болсын.
3. Тәрбие жұмысы жоспарының мазмұны оның мақсатымен бірлікте болуы қажет.

4. Оқушылардың жеке басының, жас ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескеру.

5. Тәрбие жоспары ықшамды, әрі ондағы көрсетілген шаралар орындалатын болсын.

6. Тәрбие жоспарындағы атқарылатын шаралар саны жағынан емес, сапасымен анықталатын болсын.

7. Тәрбиелік атқаруда қолданылатын әдістер бір сарынды емес, әртартпа және әржақты болуын ескеру керек.

8. Жоспар құру барысында сынып жетекшісі оқушылардың не нәрсеге қызығатынын, олардың қандай істерді өткізгісі келетінін, ұсынылған шараларға қалай қарайтынын анықтауы қажет.

9. Жоспардағы тәрбиелік шаралар жүйелі, бірізділікпен құрылуы тиіс.

10. Тәрбиенің салаларына қатысты белгіленген шаралар жеке-дара емес, бір тұтастық ұстанымға сай құрылуын ескеру.

# Тәрбие жоспарын қалай құруға болады?

Мектеп өміріне қатысты және қазіргі кездегі мектеп пен міндеттерін анықтайтын мемлеттік құжаттармен танысу;

Білім және ғылым министрлігінің оқу-әдістемелік журналдарымен танысу; тәрбиенің, жоспарлаудың әдістемесі мен технологиясының өзекті мәселесіне қатысты психология және педагогика, әдістемелік әдебиеттерді оқу.



2. Балалардың жас ерекшеліктері, сынып ұжымының даму деңгейі, мектеп, мұғалімдер ұжымы, отбасы және тұрғылықты жердегі тәрбие мекемелерінің ерекшеліктерін ескере отыра мақсат пен міндеттерін анықтау. Мақсатқа сәйкес оның стратегиялық міндеттері белгіленеді. Мысалы: «Мәдениет құндылықтарын меңгеру арқылы жоғары сынып оқушыларының (9-11) рухани дамуын ынталандыру». Оның міндеттеріне:

- Оқушылардың сабақтан тыс зияттық-танымдық әрекеттерін ұйымдастыру.
- Салауатты өмір салтына ынталандыру, ол үшін өздерінің бағдарламасын құру.
- Оқушыларды мәдениет құндылықтарымен тығыз қарым – қатынас жасауға ынталандару.
- Оқушаларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу, өздерінің қолдары бос уақаттарын тиімді пайдалануға және демалыстарын қызықты өткізуге сай әр түрлі әрекеттерін ұйымдастыру.

3. Мектептің, тәрбие мекемелері мен бірлестіктердің және пән үйірмелерінің болашақ тәрбие жоспарымен танысу, алдыңғы қатарлы озық сынып жетекшілерінің тәжірибелерімен танысу, пән мұғалімдері және ата-аналармен пікір алмасу.

4. Оқушылардың жеке тұлғасы мен сынып ұжымын зерттеп тану.

5. Алдағы мерзімде болатын айтулы даталы күндер мен мейрамдарды анықтау, солардың ішінде ең қажеттісін таңдау.

6. Болашақта балалармен баратын мәдени ошақтарды айқындау.

7. Жоспарлау. Оқушылардың немесе белсенділерді жоспарлауға, оны талқылауға тарту. Жоспардың жобасын жалпы сынып жиналысында талқылау және бекіту.

<b>Негізгі бөлімдер</b>	<b>Тәрбиелік шаралардың мазмұны</b>	<b>Формасы мен тәсілі</b>	<b>Мерзімі, уақыты</b>	<b>Жауапты адамдар</b>	<b>Өтілгені туралы белгі</b>
<b>Сынып ұжымын ұйымдастыру</b>					
<b>Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары және балалардың бірлестіктері мен өзара әрекеттері</b>					
<b>Пән мұғалімдері және мектеп әкімшіліктерімен байланыс</b>					
<b>Отбасы және жұртшылықпен жұмыс</b>					
<b>Жеке оқушымен жұмыс</b>					